

# "Озық ойлы тапқырлар"

(интеллектуалдық ойын)





Еліміз тәуелсіздігін алып, бары мен жоғын түгендеп жатқан тұста мемлекетіміздің қабылдаған конституциясы ел дамуының формасы болды. Мемлекет дегеніміз – белгілі бір территориясы, шекарасы, рәміздері, ұлты бар жалпыхалықтық ірі ұйым десек, сол қазақ ұлтының төл Конституциясын қабылдағанына 20 жыл толып отыр.

Қабылданғанына 20 жыл толған Ата Заңы бүгінге дейін жалғасып келе жатқан, адамгершілік принциптерге негізделген демократиялық қоғамды құрудағы өзінің адал дәстүрлерін алдағы уақытта жалғастыра бермек. Осы уақытқа дейін Қазақстан Республикасы кеңестік дәуірдегі 1978 жылғы соңғы Конституциясын қабылдаса, 1993 жылы Жоғарғы Кеңес бекіткен Егеменді еліміздің алғашқы Конституциясы, 1995 жылы референдум арқылы бекіткен екінші Конституциясын қабылдады.

Бүгіндегі құқықтық мемлекет құрамыз деген заманда әрбір адамның өз құқықтарын жете біліп алғаны дұрыс. Заңды аттамай тура жолмен жүріп, еліне қызмет еткен азамат қана арманына жетеді. Сондықтан, заңды білу – заман талабы.



# Сайыс кезеңдері:

1. "Бастама"
2. "Сен білесің бе?"
3. "Ойталқы"
4. "Шынығу"
5. "Тарих кезеңіне үңілсек"
6. "Заң терминдерін біл"
7. "Тәртіпті орнат"
8. "Тосын жағдай"



# "Бастама" кезеңі

(әр дұрыс жауап 1 ұпаймен бағаланады)

1. Еліміздің мемлекеттік тілі (қазақ тілі)
2. ҚР-ның төл теңгесі қашан қолданысқа енгізілді?  
(1993 жыл, 15-қараша)
3. ҚР-ның "мемлекеттік нышандар" туралы заң қай жылы қабылданды?  
(1992 жыл, 4-маусым)
4. "Жеті жарғы" заңын қабылдаған қазақ ханы  
(Тәуке хан)
5. ҚР-ның жаңа Әнұраны қашан қабылданды?  
(2006 жыл, 6-қаңтар)



6. Конституция сөзінің аудармасы қандай?

(құрылым, өкілім)

7. "Қасым ханның қасқа жолы" қанша тараудан тұрады?

(5 тарау)

8. Егемендік алғаннан кейін Конституция қанша рет қабылданды?

(2 рет: 1993 жыл, 28-қаңтар, 1995 жыл, 30-тамыз )

9. Республикадағы жоғарғы заң шығарушы органды ата.

(Парламент)

10. Республика заңдары қай кезде күшіне енеді?

(Президент қол қойғаннан кейін)





11. Қазақстан өзін қандай мемлекет ретінде орнықтырды?

(Демократиялық, зайырлы, құқықтық, әлеуметтік )

12. Құқық дегеніміз не?

(мемлекет тарапынан заңдастырылған, жалпыға бірдей міндетті нормалар жүйесі)

13. ҚР Конституциясы неше бөлімнен, қанша баптан тұрады?

(9 бөлім, 98 бап)

14. 16-желтоқсан қандай күн?

(ҚР-ның тәуелсіздік күні)

15. Парламент неше палатадан тұрады?

(2: сенат және мәжіліс)





# "Сен білесің бе?"

1. Бала құқығы туралы конвенция 1989 ж 20-қарашада БҰҰ-ның Бас ассамблеясында қабылданды.



2. 18 жасқа толған бала "жеткіншек бала" деп аталады.



3. Мемлекет баланы зорлық-зомбылықтың барлық түрінен қорғауға, оның құқығын қорғауға тиісті шараларды қолдануға міндетті



4. Әрбір бала өмір сүру құқығына ие.



5. Бала дүниеге келген соң өзіне есім алуға құқығы жоқ.



6. Бала қандай шекара болмасын өз ойын ашық жеткізуге, ақпарат алуға, ақпарат таратуға құқысыз.



7. Конвенцияның 18-бабында ата-ана жауапкершілігі туралы айтылған.



8. Заң бұзған бала өзінің ар-намысын, тұлғалығын оятатын, дамытатын лайықты ілтипат алуға құқысыз.







# "Ойталқы"

I - топ

II - топ

*Жастарды  
қылмысқа  
итермелейтін не?*

*Жастар  
арасындағы  
қылмысқа жол  
бермеу үшін не  
істеу керек?*

# "Шынығу"

ЕКОНЮС

БҰҰ-ның білім, ғылым және мәдениет жөніндегі ұйым

АТКРДЕИЯМО

Халық еркі немесе билігі

ЕНТЕЗПРИДЕ

Мемлекет басшысы

УАТРА

Айырбас үшін арнайы өндірілетін өнім

АТТӨЛЖҰҚ

Азаматтықты куәландыратын құжат

ТЕПАЛАНМР

Елдің заң шығарушы ең жоғарғы өкілдік органы





# "Тарих тереңіне үңілсек..."

Тәуке ханның "Жеті жарғысы"  
Шыңғыс ханның "Яссасы"  
Н.Назарбаевтың "Нұрлы жолы"  
"Есім ханның ескі жолы"  
"Қасым ханның қасқа жолы"

# "Заң терминдерін біл"

Кемтар адамды, оның құқығы мен мүддесін қорғауды мемлекеттік ұйымдастыру және жүзеге асыру	
Айыбын өтеу орнынан немесе алдын алу шараларынан өз бетімен кетіп қалу	
Қылмыстық істі сотта қарау нәтижесінде сотталушының айыпты немесе айыпсыздығын анықтап, айыптыға жаза шарасын белгілейтін сот шешімі	
Біреуді айыптайтын, қорлайтын ойдан шығарылған өтірік әңгіме тарату	
Мемлекеттің құрлықпен, сумен, әуе кеңістігімен өтетін ішкі сызығы	
Мемлекет белгілеген жалпыға міндетті ережелер, тұтас нормативті құқық актілері	
Жеке жауапталудағы көрсетулердің қарама-қайшылығы бар екі адамды кездестіріп жауап алу	
Біреудің дүние – мүлкін құпия түрде алу	

қамқорлық

қашу

шекара

ұрлау

үкім

жала жабу

заң

беттестіру







# "Тәртіп орнат"

1. Құқық

2. Конституция

3. Мемлекет

4. Азамат

5. Құқық бұзушылық

6. Президент

7. Парламент

8. Егемендік

А. Еліміздің негізгі заңы

Б. Мемлекет басшысы

В. Белгілі бір шекарасы, рәміздері бар, жалпыхалықтық ұйым

Г. Тәуелсіздік

Д. Заңдар жүйесі

Е. Заң шығару органы

Ж. Заң жүйесін бұзу

З. Құқығы бар ел тұрғыны



# "Тәртіп орнат"

1. Құқық
  2. Конституция
  3. Мемлекет
  4. Азамат
  5. Құқық бұзушылық
  6. Президент
  7. Парламент
  8. Егемендік
- Д. Заңдар жүйесі
  - А. Еліміздің негізгі заңы
  - В. Белгілі бір шекарасы, рәміздері бар, жалпыхалықтық ұйым
  - З. Құқығы бар ел тұрғыны
  - Ж. Заң жүйесін бұзу
  - Б. Мемлекет басшысы
  - Е. Заң шығару органы
  - Г. Тәуелсіздік



# "Тосын жағдай"

Сыныптастарың туған күн кешін

атап

өткен. Түн ортасында тұрғын үй  
ауласына

би кешін ұйымдастырды.

Музыканың үні мен  
шулаған оқушылардың айқай-  
шуынан тұрғындар  
ұйқыларынан оянып, шуды  
тоқтатуды өтінген.

Тұрғындардың өтінішіне құлақ  
аспаған олар  
полиция қызметкерлері

келгенше

биді жалғастырды.

Аудандық ІІБ-не 8-сынып

оқушысының

ата-анасынан арыз түсті. Онда 11-  
сынып

оқушысы С.өзінен төменгі  
сыныптағы

балаларды қорқытып, ақша,  
бағалы

заттарын алып қоятынын  
мәлімдеген.

Осындай тінту, күш көрсетудің  
нәтижесінде

баласының соққыға жығылғанын  
жазады.

Мектеп оқушылары  
қандай құқық  
бұзушылыққа жол берді?  
Оларды жауапкершілікке  
тартуға негіз бар ма?  
Әкімшілік жазаны қалай  
қолдануға болады?

С-ның әрекетін заң  
тұрғысынан қалай  
бағалауға болады?  
Жауапкершілікке кімді  
тарту керек? Зиян қалай  
өтеледі?





Сайысымыз аяқталды.

Сау болыңыздар!

